

## "Тасөткел селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы" 2009 жылғы 6 ақпандағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 мамырда № 4331 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Тасөткел ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тасөткел ауылдық округі әкімінің "Тасөткел селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауларын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-83 тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпанда аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) 2009 жылғы 6 ақпандағы № 1 шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі деректемелері, атауы және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше, "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

мемлекеттік тілдегі шешімнің кіріспе бөлігіндегі ", Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы № 45 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс Тұжырымдамасының 3.2. тармағына және Ақтөбе облысы әкімінің 2007 жылғы 24 шілдедегі N 255 "Мекенжай Тіркеліміне тіркеу туралы тәртібі және мекенжай құрылымы жөніндегі Ереже бекіту туралы" қаулысына" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тасөткел ауылдық округінің әкімі*

*Б.Байсейітов*